

ГРУЗИН-АБХАЗ ҚАҚТЫҒЫСЫ

Ержанқызы Ұлдана

erzhankyzyuldana@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰҰ Халықаралық қатынастар факультетінің Халықаралық қатынастар кафедрасының 2 курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Коннект-талдау. Бұл талдауда біз Кавказ аймағында тұрақсыздықтың өсуіне және КСРО-да орталық үкіметтің әлсіреуіне байланысты 80-ші жылдардың аяғында шиеленіскен ұлтаралық қайшылықтардың бір көрінісі мәселесін қарастырдық. 1992 жылдың тамыз айының басында Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде тәуелсіздік алған Грузия басшылығы мен Абхазия (Кеңес Одағы кезінде Грузия құрамындағы автономиялық республика) мен Грузиядан тәуелсіз болуға ұмтылған басшылық арасындағы шиеленістер ашық қарулы қақтығысқа әкеліп соқтырды.

Тарихи дискурс. 1994 жылы мамырда 1992-93 жылдардағы он үш айлық соғысты ресми түрде аяқтаған бітімгершілік келісіміне қол қойылды. Бұл келісім, алайда, аймаққа бейбітшілік пен тұрақтылықтың оралуына және екі халық арасындағы дұшпандық пен сенімсіздікті жоюға мүмкіндік бермеді.

Халықаралық құқық тұрғысынан Абхазия танылмаған мемлекет болып қалады және іс жүзінде бүкіл халықаралық қауымдастық Абхазияны Грузияның бөлігі ретінде қарастыра береді. 1990 жылдардың ортасында барлық қажетті мемлекеттік билік және басқару институттары құрылған Абхазия, халықаралық құқықтық мәртебесінің тұрақсыздығына байланысты Ресей Федерациясына терең қаржылық, экономикалық, әскери және саяси тәуелділікте. Абхазия тұрғындарының көпшілігінде Ресей паспорты бар (2000 жылдан бастап Ресей Абхазия тұрғындарына өзінің азаматтығын белсенді түрде ұсына бастады және шетелдік ресейлік паспорттарын бере бастады). Кейбір есептеулер бойынша 2006 жылға қарай тұрғындардың 80% -дан астамы осындай төлқұжат алған.

Анализ бөлімі. Қақтығысты шешуге қатысушы тараптар арасындағы қатынастарды талдау барысында байланыстар мен өзара іс-қимылдар келесі тақырыпшалар бойынша анықталды:

- 1 - халықаралық ұйымдар шеңберіндегі өзара іс-қимыл;
- 2 – шарттар мен келісімдер арқылы өзара әрекеттесу;
- 3 – қару-жарақпен қамтамасыз ету;
- 4 - қайшылықтар;
- 5 - өз мүдделеріне сай әрекет ету.

Бірінші критерий. Халықаралық ұйымдар шеңберінде бұл проблеманы шешу үшін бірнеше отырыстар өткен болатын.

Жанжал салдарын саяси тұрғыдан реттеу әрекеттері 1993-2008 жж. БҰҰ қамқорлығымен және ТМД шеңберінде жүзеге асырылды. 2011 жылғы жағдай бойынша 47 мыңға жуық мәжбүрлі қоныс аударушылар - Абхазияның Гали ауданының тұрғындары өз үйлеріне орала алды, бірақ қайтару процесі өздігінен жүрді, қауіпсіздіктің халықаралық кепілдіктерінсіз және бірқатар азаматтық және саяси құқықтарға еркін қол жеткізді.

2-критерий. Қару жарақ тасымалына келетін болсақ АҚШ Грузияға қару жарақ тасымалымен көмектесіп жоғары сапалы артиллериялық қаруларды жеткізіп жатыр. Ал Ресей қару жарақ тасымалымен Абхазияға көмектесіп жатыр. Осыған байланысты АҚШ пен Ресей арасында қайшылықтар пайда болды.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Грузин-Абхаз қақтығысының негізгі себептерін келесідей топтастыруға болады:

Тарихи - (Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде тәуелсіздік алған Грузия басшылығы мен Абхазияның Грузиядан тәуелсіз болуға ұмтылған басшылық арасындағы қақтығыстан басталды.)

Этникалық - (грузиндер мен абхаздар арасындағы қақтығыстар).

Аумақтық - (Грузин басшылығы Абхазияның стратегиялық маңызды аумағын сақтап қалуға тырысады).

Жанжал салдарын саяси тұрғыдан реттеу әрекеттері 1993-2008 жылдар аралығында БҰҰ қамқорлығымен және ТМД шеңберінде іске асты. 24 тамызда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Сухуми қаласындағы жағдайға ерекше назар аудара отырып, атысты тоқтату туралы келісімнің орындалуын тексеру үшін Грузиядағы БҰҰ байқаушылар миссиясын құрды. Бұл уақытқа дейін ТМД Ұжымдық бітімгершілік күштерінің мандаттары миссияға қатысты. Алайда Ресей Абхазия тәуелсіздігін мойындағаннан кейін тоқтатылды. Ресей бітімгерлерін орыстың шекарашылары және әскери базалары алмастырды.

Реттеуге қатысушы елдердің ұстанымдары мен мүдделері:

Осы кикілжің кезінде әлем мемлекеттері екі блогқа бөлінді. Абхазияны Ресей егеменді мемлекет ретінде 2008 жылы 26 тамызда Оңтүстік Осетия жанжалынан кейін бірден таныды. 1992 жылы АҚШ алғашқылардың бірі болып Грузияның тәуелсіздігін мойындады. АҚШ Мемлекеттік департаментінің өкілі Адам Этели конференциясында АҚШ ешқашан Абхазияны тәуелсіз деп мойындамайды, деп мәлімдеген болатын. Ал Франция Абхазияны мойындаудан бас тартқан болатын. Франция Грузия елдері өте жақсы дамыған. 1994 жылы қаңтарда Грузия мемлекетінің басшысы Э. Шеварднадзенің Францияға алғашқы ресми сапары болды. Неміс үкіметі Грузия тарапының ұстанымын қолдайтынын айтқан болатын. Алайда ол Абхазияға қатысты көзқарасын жарияламады.

Бірінші критерий бойынша мемлекеттердің өзара байланыстарын талдау барысында біз осы мәселе актерлері арасында жаңа байланыстардың болуын анықтадық, сонымен қатар олардың жанжалдарды шешу процесіне кері әсерін анықтадық. Грузин-абхаз жанжалын шешуге әсер ететін жағымсыз факторларға мыналар жатады:

Қарсыласушы екі елге қару сату (АҚШ Грузияға қару жарақ тасымалымен көмектесіп жоғары сапалы артиллериялық қаруларды жеткізуі; Ресей қару жарақ тасымалымен Абхазияға көмектесуі);

- жанжал тараптарының ымыраға келуге дайын еместігі;
- үкіметтік емес субъектілердің мүдделерінің болуы және олардың билік шешімдеріне әсері.

Қорытынды. Грузин-Абхаз қақтығысы- Кавказ аймағындағы басты түйіндердің бірі. Оны шешуге тырысу жанжал тараптары мен олардың жақтастары арасында қиындықтар туғызады. Қақтығысты шешуге аймақтағы өз мүдделері бар және өздері мен жанжалдасушы тараптар арасындағы байланыстардың әртүрлі аймақтық және жаһандық ойыншылары қатысады. АҚШ та Франция да Ресей де бұл мәселені шешуге мүдделі, дегенмен ол делдал бола алмайды. Байланысты талдау нәтижесінде қақтығыс елдердің қарама-қайшы ұстанымдарының, сондай-ақ олардың арасындағы көптеген күрделі қатынастардың болуына байланысты шешілмеген болып қалады деген қорытынды жасауға болады.

Ресми мәліметтер бойынша, грузин-абхаз соғысы 4 мыңға жуық грузинді және осынша абхаздың өмірін қиды. Соғыстан кейін қалған миналар тағы 700 адамның өмірін жойды. Автономияның экономикалық шығындары шамамен 10 миллиард АҚШ долларын құрады. Ширек миллионға жуық адам үйлерін тастап, Грузиядан қашуға мәжбүр болды. Келесі бес жыл ішінде автономия Грузия тарапынан да, Ресей тарапынан да блокада жағдайында болды. Тек 2008 жылы Ресей Абхазияны тәуелсіз республика ретінде таныды және онымен дипломатиялық қатынастар орнатты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. АҚШ Сыртқы істер министрлігі- <https://www.state.gov/#:~:text=Michael%20R.%20Pompeo,-United%20States&text=Mike%20Pompeo%20was%20sworn%20in,President's%20chief%20foreign%20affairs%20adviser>.
2. Абхазия Сыртқы істер министрлігі- <https://www.mid.ru/ru/home>
3. Грузия Сыртқы істер министрлігі- <https://www.mofa.gov.iq/ministry-departments>
4. БҰҰ сайты- <https://www.un.org/en/>